

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ

М.ӘУЕЗОВ атындағы Оңтүстік Қазақстан Университеті

«БЕКІТЕМІН»
Басқарма
төрағасы-Ректор
Т.ғ.д., академик Қожабақаров Д.П.
« 23 ж. »



БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

6B07181 – Мұнай және газ өнеркәсібінің машиналары мен жабдықтары

| | |
|--|--|
| Тіркеу номері | 6B07100129 |
| Білім беру саласының коды мен жіктелуі | 6B07 – Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары |
| Даярлау бағыттарының коды мен жіктелуі | 6B071 – Инженерия және инженерлік іс |
| Білім беру бағдарламаларының (БББ) тобы | B064 – Механика және металл өңдеу |
| БББ түрі | жаңа |
| ББХСЖ бойынша деңгейі | 6 |
| ҰБШ бойынша деңгейі | 6 |
| СБШ бойынша деңгейі | 6 |
| Оқыту тілі | Қазақ, орыс, ағылшын |
| БББ көлемі | 240 кредит |
| Білім беру бағдарламасының айрықша ерекшеліктері | - |
| Серіктес-ЖОО (ҚББ) | - |
| Серіктес-ЖОО (ҚДББ) | - |

Шымкент, 2023ж.

Құрастырушылар:

| Т.А.Ә. | Қызметі | Қолы |
|---------------------|--|------|
| Сейтханов Н.Т | «Технологиялық машиналар мен жабдықтар» кафедрасының меңгерушісі, т.ғ.к., доцент | |
| Корганбаев Б.Н. | «Технологиялық машиналар мен жабдықтар» кафедрасының доценті, т.ғ.д. | |
| Досмаканбетова А.А. | «Технологиялық машиналар мен жабдықтар» кафедрасының доценті, т.ғ.к. | |
| Күмісбеков С.А | «Технологиялық машиналар мен жабдықтар» кафедрасының профессоры, т.ғ.к. | |
| Пазилова Г.Д. | «Технологиялық машиналар мен жабдықтар» кафедрасының аға оқытушысы | |
| Сейткасимова Л.А. | «Технологиялық машиналар мен жабдықтар» кафедрасының аға оқытушысы | |
| Далиев Э.Р | ММГ-21-4к тобының студенті | |
| Хаиров А.Н | ОФ «МГҚК КазҚұрылысСервис» АҚ директоры | |
| Дутбаев Н.А | «HillCorparation» ЖШС директоры | |
| Кудабаев Б.К. | «Ferrum-Vtor» ЖШС директоры | |
| Нурдин А.Н | "Шымкенттемір" ЖШС директоры | |

Асқаров А.А. «КазқұрылысСервис» ЖШС директоры

Білім беру бағдарламасы «Инженерия және инженерлік іс» дайындық бағыты бойынша академиялық комитет мәжілісінде қаралды. «14» ақ 2023 ж. № 4 хаттама.

АК (комитет) төрағасы Айтұреев М.Ж.

М.Әуезов атындағы ОҚУ Оқу-әдістемелік Кеңесінің мәжілісінде талқыланып, бекітуге ұсынылды

«22» ақ 2023 ж. № 4 хаттама.

ОӘК төрағасы Абишева Р.Д.

Университет Ғылыми Кеңесінің шешімімен бекітілді

«23» ақ 2023 ж. № 13 хаттама.

МАЗМҰНЫ

| | | |
|-----|--|----|
| 1. | Білім беру бағдарламасының тұжырымдамасы | 5 |
| 2. | Білім беру бағдарламасының тұжырымдамасы паспорты | 8 |
| 3. | Білім беру бағдарламасын бітіруші түлектің құзыреттері | 11 |
| 3.1 | Жалпы білім беру бағдарламасы бойынша оқыту нәтижелерінің қалыптастырылатын құзыреттермен арақатынасының матрицасы | 12 |
| 4. | Модульдер мен пәндердің оқу нәтижелерін қалыптастыруға және еңбек сыйымдылығы туралы ақпаратқа әсер ету матрицасы | 13 |
| 5 | Білім беру бағдарламасы модульдері бөлінісінде игерілген кредиттер көлемі туралы жиынтық кесте | 54 |
| 6. | Оқыту стратегиялары мен әдістері, бақылау және бағалау | 55 |
| 7 | Білім беру бағдарламасын оқу-ресурстық қамтамасыз ету | 56 |
| | Келісу парағы | |
| | Қосымша 1. Жұмыс берушінің пікірі | |
| | Қосымша 2. Сараптамалық қорытынды | |
| | Қосымша 3. Кәсіби стандарт | |

1 БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

| | |
|--|---|
| Университеттің миссиясы | Жаңа құзыреттіліктерді қалыптастыру, зерттеушілік ойлау мен мәдениетті тарататын көшбасшы дайындау. |
| Университеттің құндылықтары | <ul style="list-style-type: none"> – ашықтық – өзгерістерге, инновацияларға және ынтымақтастыққа әзір; – шығармашылық – идеяларды тудырады, оны дамытады және құндылықтарға айналдырады; – академиялық еркіндік – таңдау жасаудағы, дамудағы еркіндік және іс-әрекет; – серіктестік – барлығы жеңіске жетететін және сенімділік пен қолдау тудыратын қарым-қатынасты құру; – әлеуметтік жауапкершілік – міндеттемелерді орындауға, шешім қабылдауға және оның нәтижелері үшін жауапты болуға дайын. |
| Бітіруші моделі | <ul style="list-style-type: none"> – пән бойынша терең білім алу, оны кәсіби қызметте қолдану және үнемі кеңейту; – ақпараттық және цифрлық сауаттылық және ұтқырлық; – зерттеу дағдылары, шығармашылық және эмоционалды интеллект; – кәсіпкерлік, тәуелсіздік және өз қызметі мен әл-ауқатына жауапкершілік; – жаһандық және ұлттық азаматтық, мәдениеттер мен тілдерге төзімділік. |
| ББ бірегейлігі | Бітіруші мұнай-газ саласының кең ауқымында сұранысқа ие болады және таңдаған қызмет саласында табысты жұмыс істей алады |
| Академиялық адалдық және этика саясаты | <p>Университетте академиялық адалдық пен академиялық еркіндікті сақтау, кез келген төзімсіздік пен кемсітушіліктен қорғау шаралары қабылданды:</p> <ul style="list-style-type: none"> – Академиялық адалдық ережелері (10.10.2022 ж. №212-нқ бұйрығы); – Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт (07.12.2021ж. №221-нқ бұйрығы); – Әдеп кодексі (10.10.2022ж., №212-нқ бұйрығы); – «М.Әуезов атындағы ОҚУ» коммерциялық емес қоғамының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын бекіту туралы (14.07.2022ж. №144-нқ бұйрығы). |
| БББ әзірлеудің нормативтік-құқықтық негіздері | <ol style="list-style-type: none"> 1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, 27.07.2007ж. №319-III; 2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 30 қазандағы No 595 бұйрығымен бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары; 3. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары; 4.Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі No 152 бұйрығымен бекітілген Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережесі; 5.Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау |

| | |
|---|--|
| | <p>министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 553 бұйрығымен бекітілген Басшылар, мамандар және басқа да қызметкерлер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы.</p> <p>6. ECTS қолдану бойынша әдістемелік нұсқаулар.</p> <p>7. Болон процесі және академиялық ұтқырлық орталығы директорының 2021 жылғы 30 маусымдағы №45 о/д бұйрығына 1-қосымша Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын әзірлеу жөніндегі нұсқаулық.</p> |
| Оқу процесін ұйымдастыру | <ul style="list-style-type: none"> – Болон процесінің принциптерін жүзеге асыру; – Білімалушыға бағытталған оқыту; – Қол жетімділік; – Инклюзивтілік. |
| ББ сапасын қамтамасыз ету | <p>Сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесі;</p> <p>ББ әзірлеуге және оны бағалауға стейкхолдерлерді тарту;</p> <p>жүйелі мониторинг;</p> <p>Мазмұн өзектілігі (жаңарту)</p> |
| Қабылдау талаптары | <p>Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында оқуға жіберудің типтік ережелеріне, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығына сәйкес орнатылған</p> |
| Мүгедектігі және ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғаларға арналған білім беру бағдарламаларын іске асыру шарттары | <p>Ерекше білім беруді қажеттететін және мүмкіндігі шектеулі білім алушылар үшін оқу ғимараттары мен студенттік жатақханаларда тактильді ПВХ плиткалары, арнайы жабдықталған дәретханалар, мнемоникалық схемалар, душ бөлмелерінде штангалар орнатылған. Автотұрақта арнайы орындар жасалған. Шынжыр табанды көтергіш орнатылған. Қозғалысы шектеулі адамдарға (ҚША) арналған үстелдер, қозғалыс бағытын көрсететін белгілер, пандустар қойылған. Оқу корпустарында (бас ғимарат, № 8 ғимарат) тірек-қимыл аппараты (ТҚА) бұзылыстары бар пайдаланушылар үшін бейімделген алты жұмыс орны бар 2 бөлме жабдықталған. Көру қабілеті нашар пайдаланушылар үшін SARA™ CE машинасы (2 дана) кітаптарды сканерлеу және оқу үшін қолжетімді. Кітапхананың веб-сайты нашар көретіндерге бейімделген арнайы NVDA аудио бағдарламасы қызмет көрсетеді. ББАО сайты http://lib.ukgu.kz/ тәулік бойы жұмыс істейді.</p> <p>Оқу процесін ұйымдастыруда және сабақтардың барлық түрлерінде жеке сараланған тәсіл қарастырылған.</p> |

2 БАҒДАРЛАМА ПАСПОРТЫ

| | |
|---|--|
| БББ мақсаты | Мұнай-газ өнеркәсібі саласында негізгі әлеуметтік-тұлғалық және кәсіби құзыреттіліктерді меңгерген еңбек нарығында сұранысқа ие бакалаврды дайындау |
| БББ міндеттері | <ul style="list-style-type: none"> • қоғамда әлеуметтік-жауапкершіліктік тәртіпті қалыптастыру, кәсіби әдеп нормаларын түсіне білу және оны сақтау; • бүкіл өмір бойы оқуды жалғастыруға мүмкіндік беретін, кәсіби мансапта кездесіп отыратын барлық өзгермелі жағдайларға бейімделе алатын базалық бакалавр дайындығын қамтамасыз ету; • жалпы жоғары интеллектуалдық даму деңгейіне жету үшін жағдай жасауды, сауатты, әрі жетік сөйлей білуді, ойлау мәдениеті мен мұнайгаз саласында еңбекті ғылыми ұйымдастыру дағдыларымен қамтамасыз ету; • интеллектуалдық, физикалық, рухани, эстетикалық жағынан дамуы, олардың жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін қамтамасыз ету үшін немесе келесі оқу деңгейлерінде оқуын жалғастыруларына жағдай жасау. |
| БББ үйлесімділігі | <ul style="list-style-type: none"> • Қазақстан Республикасының Ұлттық біліктілік шеңберінің 6-шы деңгейі; • 6 -шы біліктілік деңгейінің Dublin Descriptors; • Еуропалық жоғары білім кеңістігі біліктілік шеңберінің 1-ші циклі (A Framework for Qualification of the European Higher Education Area); • Өмір бойы білім алудың Еуропалық біліктілік шеңберінің 6-деңгейі (The European Qualification Framework for Life long Learning). |
| БББ кәсіби саламен байланысы | <ul style="list-style-type: none"> • Кәсіби стандарт. Технологиялық жабдықты жөндеу - "Атамекен" ҚР ҰКП, 30.12.2019 ж. №269; • Кәсіби стандарт. Сынақтарды өткізу - "Атамекен" ҚР ҰКП, 30.12.2019 ж. №269; • Кәсіби стандарт. Мұнай мен газды қайта өңдеу - "Атамекен" ҚР ҰКП, 27.12.2019 ж. №266; • Кәсіби стандарт. Жабдықтың сенімділігі мен механикалық тұтастығын қамтамасыз ету - "Атамекен" ҚР ҰКП, 27.12.2019 ж. №266 |
| Берілетін дәреженің атауы | Осы БББ сәтті аяқтағаннан кейін бітірушіге «6B07181 - Мұнай және газ өнеркәсібінің машиналары мен жабдықтары білім беру бағдарламасы бойынша «техника және технология бакалавры» дәрежесі беріледі. |
| Біліктіліктер мен лауазымдар тізбесі | Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы №553 бұйрығымен бекітілген басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамасындағы біліктілік талаптарына сәйкес жұмыс өтіліне талаптар қойылмастан технологиялық қондырғыларды күрделі жөндеуді үйлестіруші; технологиялық қондырғылар жөніндегі инженер; техникалық қызмет көрсетуді ұзақ мерзімді жоспарлау жөніндегі инженер; динамикалық жабдықтар жөніндегі инженер-механик; жабдықтардың механикалық тұтастығы жөніндегі инженер; ағымдағы және күрделі жөндеулерді |

| | |
|--------------------------------|---|
| | жоспарлау жөніндегі инженер-механик; динамикалық жабдықтар жөніндегі инженер-механик қызметтерін атқара алады |
| Кәсіби қызмет саласы | Мұнай-газ өнеркәсібінің барлық салалары, әскери-өнеркәсіптік кешен, сондай-ақ жобалау-конструкторлық және ғылыми-зерттеу ұйымдары саласы болып табылады. |
| Кәсіби қызмет нысандары | Ұйымдар, мұнай-газ өндірістері, инновациялық және ғылыми-зерттеу қызметтері, әртүрлі меншік түріндегі фирмалар болып табылады. |
| Кәсіби қызмет пәндері | Мұнай-газ машиналары мен жабдықтары; энергетикалық жабдықтар; әртүрлі кешендердің технологиялық машиналары мен жабдықтары; вакуумдық және компрессорлық машиналар, гидравликалық машиналар, гидрожетектер мен гидропневмоавтоматика; технологиялық процестерді механикаландыру және автоматтандырудың технологиялық жабдықтары мен құралдары; өндірістік технологиялық процестер, оларды әзірлеу және жаңа технологияларды игеру; технологиялық машиналарға техникалық қызмет көрсету және жөндеу үшін жабдықтар |
| Кәсіби қызмет түрлері | <ul style="list-style-type: none"> • өндірістік-технологиялық; • ұйымдастырушылық-басқарушылық қызмет; • жобалау-конструкторлық; • монтаждық-келтірушілік; • мұнай-газ саласындағы сервистік-пайдалану. |
| Оқу нәтижелері | <p>ОН1 Кәсіби ортада және қоғамда қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде пәндік-тілдік интеграцияланған оқыту дағдыларын, академиялық жазуды, академиялық адалдық қағидаттары мен мәдениетін ескере отырып еркін қарым-қатынас жасау.</p> <p>ОН2 Кәсіби қызметте жаратылыстану-ғылыми, математикалық, қоғамдық, әлеуметтік-экономикалық, экологиялық және инженерлік білімді, ғылыми және эксперименталды зерттеулерді өңдеу әдістерін, нормативтік құжаттарды және экономикалық талдау элементтерін қолдану.</p> <p>ОН3 Кәсіпорынның экономикасын талдау, кәсіби және қоғамдық қызметтегі құқықтық нормаларды пайдалану, кәсіпкерлік дағдыларын игере отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымды және кез келген сыбайлас жемқорлық көріністеріне төзімділікті қалыптастыру, әлеуметтік білімді қолдану арқылы нарықтың әртүрлі құрылымдары туралы түсінікке ие болу</p> <p>ОН4 Ақпараттық және есептеу сауаттылығы, зерттеу, кәсіпкерлік дағдылар мен стандартты емес жағдайларда жұмыс істеу дағдысын пайдалана отырып, ақпаратты жинақтау, талдау және қабылдау, мақсатқа жету жолдарын таңдау және мақсатына ие болу.</p> <p>ОН5 Монтаждау жұмыстарын механикаландыру, құралдарын жобалау және жабдықты пайдалануды жақсарту мақсатында оны жаңғырту бойынша ұсыныстарды ұсыну және негіздеу, технологиялық машиналарды монтаждауға дайындау әдістерін қолдану.</p> <p>ОН6 Механикалық тұтастықты, технологиялық жабдықтың</p> |

| | |
|--|--|
| | <p>сенімділігін және оның жұмысын қамтамасыз ету, машиналардың кинематикалық схемаларын қолдану, есептеу схемаларын құру, механикалық берілістерді жобалау, машина бөлшектері үшін құрылымдық материалдарды таңдау, нақты қолданбалы есептерді шешу үшін механиканың негізгі заңдары мен әдістерін қолдану.</p> <p>ОН7 AutoCAD графикалық пакетін пайдалана отырып, машиналар мен бөлшектердің сызбаларын компьютерлік графика құралдарымен орындай отырып, машиналардың жоғары сенімділігі мен ұзақжарамдылығын қамтамасыз ете отырып, өндеуден кейін алынған дайындамаларды сертификаттай отырып, құрастыру бірліктерін құрастыруды жүзеге асыру</p> <p>ОН8 Кешенді механикаландыру мен автоматтандыруды қолдана отырып, құрастырмаларды құрастыру және дәнекерлеудің негізгі тәсілдері мен тәсілдерін пайдалану, дәнекерлеу жабдықтарын, аспаптар мен құралдарды таңдауды жүзеге асыру, көтеру-тасымалдау жұмыстарын орындауға арналған жабдықтарды таңдау.</p> <p>ОН9 Технологиялық жабдықтарды пайдалану және жөндеу бойынша техникалық басшылықты жүзеге асыра отырып, мұнай-газ өнеркәсібінің қазіргі заманғы жоғары өнімді машиналары мен аппараттарын таңдауды негіздеу.</p> <p>ОН10 Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу және оларды өндіріске енгізу, нақты нәтижелерге қол жеткізу үшін инновациялық тәсілдерді практикалық қызметке енгізу, бұйымдардың технологиялығын және оларды дайындау процестерінің оңтайлылығын қамтамасыз ету</p> <p>ОН11 Негізгі технологиялық және конструктивтік параметрлерді есептей отырып, машиналар мен жабдықтардың мақсаты, жіктелуі, құрылымы және жұмыс принципі бойынша білімді қолдану</p> <p>ОН12 Өндірістік қызметтің қауіпсіздігі мен экологиялығын арттыру іс - шараларын әзірлей отырып, энергия және ресурс үнемдеу міндеттерін шешуді ескере отырып, мұнай-газ өнеркәсібінің машиналары мен жабдықтарының перспективалық құрылымдарын әзірлеу</p> <p>ОН13 Жеке және команда мүшесі ретінде тиімді жұмыс істеу, өз көзқарасын дұрыс қорғау, өз іс әрекеттерін түзету және әр түрлі әдістерді қолдану, "Міпог" қосымша бағдарламасы қосымша кәсіби құзыреттілікті кеңейту</p> |
|--|--|

3 БББ ТҮЛЕКТЕРІНІҢ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ

| | |
|---|---|
| ЖАЛПЫ ҚҰЗЫРЕТТЕР (SOFTSKILLS). Мінез-құлық дағдылары және жеке қасиеттер | |
| ЖҚ 1. Өз сауаттылығын басқарудағы құзыреттілік | <p>ТК 1.1.Өздігінен оқу, өзін-өзі дамыту және таңдаған траектория аясында және пәнаралық жағдайда өз білімін үнемі жаңартып отыру мүмкіндігі.</p> <p>ТК 1.2. Кәсіби салада ой, сезім, фактілер мен пікірлерді білдіру қабілеті.</p> <p>ТК 1.3. Қазіргі әлемдегі ұтқырлық және сыни ойлау қабілеті.</p> |
| ЖҚ 2. Тілдік құзыреттілік | <p>ТК 2.1. Мемлекеттік, орыс және шет тілдерінде коммуникация бағдарламаларын құру қабілеті.</p> <p>ТК 2.2. Мәдениетаралық қарым-қатынас жағдайында тұлғааралық әлеуметтік және кәсіби қарым-қатынас жасау қабілеті.</p> |
| ЖҚ 3. Математикалық құзыреттілік және ғылым саласындағы құзыреттілік | <p>ТК 3.1. Кәсіптік есептерді шешу үшін ЖОО-да математикалық, жаратылыстану-ғылыми, техникалық пәндерді оқу кезінде алынған білім беру әлеуетін, тәжірибесін және жеке қасиеттерін қолдану қабілеті мен дайындығы.</p> |
| ЖҚ 4. Цифрлық құзыреттілік, технологиялық сауаттылық | <p>ТК 4.1. Өзінің өмірі мен кәсіби қызметінің барлық салаларында заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгеру және пайдалану арқылы ақпараттық сауаттылықты көрсету және дамыту қабілеті.</p> <p>ТК 4.2. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың әртүрлі түрлерін пайдалану қабілеті: интернет-ресурстар, ақпаратты іздеу, сақтау, қорғау және тарату бойынша жинақты және мобильді сервистер.</p> |
| ЖҚ 5. Жеке, әлеуметтік және оқу құзыреті | <p>ТК 5.1. Дене шынықтыру әдістері мен құралдары арқылы толыққанды әлеуметтік және кәсіби қызметті қамтамасыз ету үшін дене бітімін өздігінен жетілдіру және салауатты өмірге бағдарлау қабілеті.</p> <p>ТК 5.2. Азаматтық және адамгершілік көріністері негізінде әлеуметтік-мәдени даму қабілеті.</p> <p>ТК 5.3 Өзін-өзі дамыту, мансаптық өсу және кәсіби жетістік үшін өмір бойы жеке білім беру траекториясын құру қабілеті.</p> <p>ТК 5.4. Оқу, жұмыста, үйде және бос уақытта әлеуметтік-мәдени контексте сәтті өзара әрекеттесу мүмкіндігі.</p> |
| ЖҚ 6. Кәсіпкерлік құзыреті | <p>ТК 6.1. Әр түрлі ортада шығармашылық және кәсіпкерлік таныту мүмкіндігі.</p> <p>ТК 6.2. Белгісіздік режимінде жұмыс істеу және тапсырма шарттарын тез өзгерту, шешім қабылдау, ресурстарды бөлу және уақытты басқару мүмкіндігі.</p> <p>ТК 6.3. Тұтынушының сұраныстарымен жұмыс істеу қабілеті.</p> |
| ЖҚ 7. Мәдени сана және өзін-өзі көрсету қабілеті | <p>ТК 7.1. Дүниетанымдық, азаматтық және моральдық ұстанымдарды көрсету қабілеті.</p> <p>ТК 7.2. Әлемнің басқа халықтарының дәстүрлері мен мәдениетіне толерантты болу, жоғары рухани қасиеттерге ие болу қабілеті.</p> |

| КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТЕР (HARDSKILLS). | |
|--|---|
| Осы бағытқа тән теориялық білім және практикалық дағдылар мен іскерліктер | <i>КҚ1</i> машиналарды, жүйелерді, жетектерді, стандартты емес жабдықтарды және технологиялық жабдықтау құралдарын жобалауға, дайындауға, техникалық қызмет көрсетуге және жөндеуге техникалық тапсырмаларды әзірлеу қабілеті, жабдықтар мен технологиялық жабдықтарды таңдау |
| | <i>КҚ2</i> материалдарды, дайындамаларды, отын мен электр энергиясын жұмсауға арналған технологиялық нормативтер мен өндіру нормаларын әзірлеу қабілеті |
| | <i>КҚ3</i> машиналарды, жабдықтарды, жүйелерді, технологиялық процестердің жетектерін жобалаудың, зерттеудің, дайындаудың, техникалық қызмет көрсетудің және жөндеудің техникалық-экономикалық тиімділігін бағалау, кәсіпорында сапаны басқару жүйесін құруға қатысу қабілеті |
| | <i>КҚ4</i> әзірленген жобалар мен бағдарламаларды жүзеге асыру бойынша әдістемелік және нормативтік материалдарды, сондай-ақ ұсыныстар мен іс-шараларды әзірлеу қабілеті |
| | <i>КҚ5</i> техникалық құжаттамаға сараптама жүргізу қабілеті |

3.2 Жалпы модульдердің құзыреттіліктерімен қалыптасатын БББ бойынша оқыту нәтижелерінің арақатынас матрицасы

| | PO1 | PO2 | PO3 | PO4 | PO5 | PO6 | PO7 | PO8 | PO9 | PO10 | PO11 | PO12 | PO13 |
|-----|-----|-----|-----|-----|-----|-----|-----|-----|-----|------|------|------|------|
| ЖҚ1 | + | | | | | | | | + | | | | |
| ЖҚ2 | + | | | | | | | | | + | | | |
| ЖҚ3 | | + | | + | | | | | | | | | |
| ЖҚ4 | | | | + | | | + | | | | | | |
| ЖҚ5 | | + | + | | | | | | | | | | |
| ЖҚ6 | | | + | | | | | | | | | | + |
| ЖҚ7 | | + | + | | | | | | | | | | |
| КҚ1 | | + | | + | + | + | + | + | + | | + | | + |
| КҚ2 | | + | + | + | + | | + | | | + | | | |
| КҚ3 | | | + | + | + | | + | | + | | + | | + |
| КҚ4 | | | | + | + | | + | + | | | + | + | |
| КҚ5 | + | + | | + | + | + | | + | + | + | + | + | |

**4. ПӘНДЕРДІҢ ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА ЖӘНЕ ЕҢБЕК СЫЙЫМДЫЛЫҒЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕРГЕ
ӘСЕР ЕТУ МАТРИЦАСЫ**

| № | Модуль атауы | Цикл | Ком-по-нент | Компонент атауы | Пәннің қысқаша мазмұны | Кредит | Қалыптасатын оқыту нәтижелері (кодтар) | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|-----------------------------|------|-------------|------------------|---|--------|--|------|------|------|------|------|------|------|------|-------|-------|-------|-------|--|--|--|--|--|
| | | | | | | | О Н1 | ОН 2 | ОН 3 | ОН 4 | ОН 5 | ОН 6 | ОН 7 | ОН 8 | ОН 9 | ОН 10 | ОН 11 | ОН 12 | ОН 13 | | | | | |
| 1 | Қоғамдық ғылымдар негіздері | ЖБП | МК | Қазақстан тарихы | <p>Мақсаты: Қазақстанның тарихи дамуының негізгі кезеңдерін, заңдылықтарын және өзіндік ерекшеліктерін терең түсіну және ғылыми талдау негізінде Қазақстан тарихының объективті білім беру.</p> <p>Мазмұны: Ежелгі адамдар және көшпелі өркениеттің қалыптасуы. Түркі өркениеті және Ұлы дала. Қазақ хандығы. Жаңа заман дәуіріндегі Қазақстан. Қазақстан кеңестік әкімшіл-әміршіл жүйенің құрамында. Қазақстан тәуелсіздігінің жариялануы. Қазақстан Республикасының мемлекеттік құрылысы, қоғамдық-саяси даму, сыртқы саясаты және халықаралық қатынастары. Қазақстан тарихындағы оқиғалардың</p> | 5 | | v | | | | | v | | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|--|-----|----|-----------|---|---|--|---|--|--|--|--|---|--|--|--|--|--|--|--|
| | | | | себеп-салдарын талдаудың тарихи суреттеу әдістері мен тәсілдері. | | | | | | | | | | | | | | | |
| | ЖБП | МК | Философия | <p>Мақсаты: Студенттердің философияны дүниені танып-білудің ерекше формасы ретінде түсінуін қалыптастырып, оларға келешек кәсіби қызметтері аясында оның негізгі тараулары, мәселелері мен әдістері туралы тұтас білім беру. Сондай-ақ студенттердің бойында философиялық рефлексияны, өзін-өзі сараптау және адамгершіліктік өзін-өзі реттеу дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Мазмұны: Ойлау мәдениетінің пайда болуы. Философияның пәні мен әдісі. Дүниені философиялық түсінудің негіздері: сана, рух және тіл мәселелері. Болмыс. Онтология және метафизика. Таным және шығармашылық. Білім, ғылым, техника және технологиялар. Адам философиясы және құндылықтар әлемі. Этика. Құндылықтар философиясы.</p> | 5 | | v | | | | | v | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---------------------------|-----|----|-----------------------------|--|---|---|--|--|--|---|--|--|--|--|--|--|--|--|
| | | | | | Эстетика пәні философиялық білім саласы ретінде. Еркіндік философиясы. Өнер философиясы. Қоғам және мәдениет. Тарих философиясы. Дін философиясы. «Мәңгілік Ел» және «Рухани жаңғыру» – жаңа Қазақстан философиясы. | | | | | | | | | | | | | | |
| 2 | Әлеуметтік-саяси білімдер | ЖБП | МК | Әлеуметтану және саясаттану | <p>Мақсаты: Қоғамдық-саяси қызмет туралы білімдерін қалыптастыру мақсаты, қоғамдық-саяси процестер мен құбылыстарды түсіндіру</p> <p>Мазмұны: Қоғамның әлеуметтік-этикалық құндылықтар жүйесін қарастыру. Әлеуметтік, саяси, мәдени, психологиялық институттарды, жастар саясатының ерекшеліктерін қазақстандық қоғамның жаңғыруында пайдалану және олардың негізінде қоғамдағы, кәсіптік ортада қақтығыстық жағдайларды шешу жолдары. Саяси институттар мен процестерді, саясат, билік, мемлекет және азаматтық қоғам туралы идеяларды талдау және түсіндіру әдістерін зерттеу,</p> | 4 | v | | | | v | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|--|-----|----|-------------------------------|---|---|--|---|---|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|
| | | | | <p>элеуметтанулық, салыстырмалы талдау әдістері мен әдістерін түсіну және қолдану, қазіргі әлемдегі саяси жағдайдың мәні мен мазмұнын түсіну. Негізгі саяси институттарды талдау және жіктеу.</p> | | | | | | | | | | | | | | |
| | ЖБП | МК | Мәдениет тану және психология | <p>Мақсаты: Тарих, қазіргі тенденциялар, мәдениет пен психологияны дамытудың өзекті мәселелері мен әдістері туралы ғылыми білімдерін, психологиялық құбылыстарды жүйелі талдау дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Мазмұны: Мәдениеттің морфологиясы, тілі, семиотикасы, анатомиясы. Көшпелілер, прототүркілер, түріктер мәдениеті. Орталық Азияның ортағасырлық мәдениеті. XVIII – XIX ғасырлар тоғысындағы қазақ мәдениеті, XX ғ. Қазақстанның мәдени саясаты. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы. Ұлттық сана, мотивация. Эмоциялар, интеллект. Адамның еркі, өзін-өзі реттеу психологиясы. Жеке</p> | 4 | | v | v | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---------------------------|-----|----|--------------------|---|---|--|---|---|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|
| | | | | | типологиялық ерекшеліктері. Құндылықтар, мүдделер, нормалар рухани негіз болып табылады. Өмірдің мәні, кәсіби өзін-өзі анықтау, денсаулық. Жеке тұлға мен топтың қарым-қатынасы. Өлеуметтік-психологиялық конфликт. Қақтығыс кезіндегі мінез-құлық үлгілері. | | | | | | | | | | | | | | |
| 3 | Өлеуметтік-этникалық даму | ЖБП | ЖК | Экожүйе және құқық | <p>Мақсаты: Экономика, құқық, антикоррупциялық мәдениет, экология және тіршілік қауіпсіздігі, кәсіпкерлік, ғылыми зерттеулер әдістері саласында интеграцияланған білімді қалыптастыру.</p> <p>Мазмұны: Адам мен табиғаттың қауіпсіз өзара іс-қимылының, экожүйелер мен биосфераның өнімділігінің негіздері. Ресурстардың шектеулілігі жағдайындағы қоғамның кәсіпкерлік қызметі, бизнес пен ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру. Экология және адам тіршілігінің қауіпсіздігі саласындағы қатынастарды реттеу. Қазақстандық</p> | 5 | | v | v | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|--|----|----|------------|--|---|---|---|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|
| | | | | құқықты, субъектілердің міндеттері мен кепілдіктерін білу, әлеуметтік прогресті қамтамасыз ету үшін қоғамдық қатынастарды мемлекеттік реттеуді білу және сақтау. Ғылыми зерттеулер әдістерін қолдану. | | | | | | | | | | | | | | |
| | БП | ТК | Мұхтартану | <p>Мақсаты: М.Әуезовтің әдеби-тарихи шығармашылығы туралы әдебиет тарихымен патриоттық және мәдени-рухани ұстаным негізінде түсінік қалыптастыру. Шығармашылық ойлауын, өзіндік зерттеу дағдысын дамыту.</p> <p>Мазмұны: М.Әуезовтің Семей, Ташкент, Санкт-Петербург кезеңіндегі өмірі мен шығармашылық жолы. «Шолпан», «Абай» журналдарындағы М.Әуезовтің қызметі. М. Әуезовтің публицистикасы. «Қорғансыздың күні», «Қыр суреттері», «Оқыған азамат», «Көксерек» әңгімелеріне, «Еңлік-Кебек» пьесасына, «Қилы заман», «Қараш-қараш» оқиғасы» повестеріне, «Абай Құнанбаев»</p> | 3 | v | v | | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|--|----|----|--|---|--|---|---|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|
| | | | | монографиясына, «Абай жолы» роман-эпопеясына шолу жасау. | | | | | | | | | | | | | | |
| | БП | ТК | Қоғамдық сананы жаңғырту және оның өзекті мәселелері | <p>Мақсаты: Патша және кеңестік билік кезінде дағдарысқа ұшыраған руханиятымызды қалпына келтіріп, Тәуелсіз Ұлы Дала елінің рухани жаңғыруын жастар санасына сіңіру арқылы креативті тұлға қалыптастыру болып табылады.</p> <p>Мазмұны: Рухани жаңғыру: бастаулары мен алғышарттары. Қазіргі ұлттық сана. Прагматизм мен бәсекелік қабілет. Ұлттық бірегейлік және ұлттық код. Эволюциялық даму тәжірибесі мен келешегі. Білімінің салтанаты және сананың ашықтығы. Әліпби реформасы: тәжірибе мен басымдықтары. Туған жер-мемлекет негізі. Жалпыұлттық қасиетті орындар және тарихпен тәрбиелеу. Заманауи Қазақстандық мәдениет – рухани жаңғырудың тірегі. Жаңа гуманитарлық білім және болашақ ұлт</p> | | v | v | | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|--|----|----|----------|--|--|---|---|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|
| | | | | зиялысы.Абай Құнанбайұлы және қазақ қоғамы. | | | | | | | | | | | | | | | | |
| | БП | ТК | Абайтану | <p>Мақсаты: А.Құнанбайұлы арқылы «Қазақтану» жобасындағы «ұлтық кодты» сақтау мен дәріптеу</p> <p>Мазмұны: ХІХ-ХХғ. Қазақстан тарихына, қазақ әдебиетіне тарихи шолу жасау.</p> <p>Абайтану саласының дамуындағы ХХ-ХХІ ғасырдың абайтанушылардың еңбектері. Абайдың шығармашылығының хронологиясы. Абай - қазақ халқының ұлы ақыны, этнограф, қазақ жазба әдебитінің негізін салушы. Абай - «Қарамола Ережесі» заңдар жинағының құрастырушысы, қоғамдық маңыздылығы. Абай - ойшыл, дінтанушы, философ. Абай білім және ғылым саласындағы рөлі, «Толық адамды» қалыптастыру идеясы. Абайдың аудармалары, поэмалары, «Қара сөздері», «Абай жолы» роман-эпопея. Қ.Тоқаев «Абай</p> | | v | v | | | | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|--|--|----|----|--------------------------|---|--|---|---|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|
| | | | | | және Қазақстан ХХІ ғасырда» маңыздылығы | | | | | | | | | | | | | | | |
| | | БП | ТК | Қоғамға қызмет ету | <p>Мақсаты: Университетте оқытылатын пәндермен байланысты қоғамдық пайдалы іс-әрекеттерді жүзеге асыру, академиялық бағдарламаларды игеру негізінде студенттерде әлеуметтік маңызды дағдылар мен құзыреттерді қалыптастыру.</p> <p>Мазмұны: Service Learning ұғымының мәні мен мазмұны, Service Learning тұжырымдамасының қалыптасу және даму тарихы. Service Learning-тің негізгі құрамдас бөліктері, балалар мен жасөспірімдер ортасындағы қоғамдық пайдалы іс-әрекеттер, әлемдік және қазақстандық тәжірибеде волонтерлік қозғалысты ұйымдастыру, Service Learning тің профильдік бағыты. Қоғамдық пайдалы іс-әрекеттер арқылы оқитудың халықаралық тәжірибесі. Әлеуметтік жобаларды әзірлеудің жалпы принциптері мен әдістемесі. Іске</p> | | v | v | | | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|--|--|----|----|---|--|--|---|---|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|
| | | БП | ТК | Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері | <p>Мақсаты: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымды, тұлғаның берік адамгершілік негіздерін, азаматтық ұстанымын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлықтың орнықты дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Мазмұны: Құқықтық нигилизмді еңсеру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама саласында білім алушылардың құқықтық мәдениетінің негіздерін қалыптастыру. Сыбайлас жемқорлыққа саналы көзқарасты қалыптастыру. Сыбайлас жемқорлық мінез-құлқынан, сыбайлас жемқорлық моралінен, этикасынан адамгершілік тұрғыдан бас тарту. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл үшін қажетті дағдыларды игеру. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлық стандартын жасау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы насихаттау, заңдылық, заңға құрмет идеяларын тарату. Сыбайлас жемқорлықтың табиғатын түсінуге, оның көріністерінен</p> | | v | v | | | | | | | | | | | |
|--|--|----|----|---|--|--|---|---|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|-----|----|-------------------|---|----|---|---|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|
| | | | | | әлеуметтік шығындарды сезінуге, өз ұстанымын дәлелді қорғай білуге, сыбайлас жемқорлықтың көріністерін еңсеру жолдарын іздеуге бағытталған қызмет. | | | | | | | | | | | | | | |
| 4 | Коммуникация және дене мәдениеті модулі | ЖБП | МК | Қазақ (орыс) тілі | <p>Мақсаты: қазақ (орыс) тілінде қоғамдық өмір және әлеуметтік-мәдени, кәсіби салаларында коммуникативтік құзыреттілікті өалыптастырып, академиялық мәтіндер жазу қабілетін жетілдіреді.</p> <p>Мазмұны: А1, А2, В1, В2-1, В2-2 (В2, С1 орыс тілі) деңгейлері халықаралық стандарттағы қарым-қатынас аясынан, тақырыптардан, тақырыпшалардан және типтік жағдаяттарынан тұратын когнитивтік-лингвомәдени кешендер: әлеуметтік тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени, кәсіптік білім беруде үлгіленген формалар бойынша ауызша және жазбаша қарым-қатынас, жазбаша сөйлеу жұмыстары, тыңдалым түрінде ұсынылған. Білім беру бағдарламасы бойынша мәтіндердегі тілдік</p> | 10 | v | v | | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|--|-----|----|------------|---|----|--|---|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|---|
| | | | | материалды түсінгенін көрсету, терминологияны білу және сын тұрғысынан ойлауды дамыту. | | | | | | | | | | | | | | | |
| | ЖБП | МК | Шетел тілі | <p>Мақсаты: А2 жеткілікті деңгейінде және В1 базалық жеткіліктілік деңгейінде шет тілін оқыту үдерісінде студенттердің мәдениетаралық және коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру. Егер бастапқыда тіл деңгейі жалпы еуропалық құзыреттілік В1 деңгейінен жоғары болса, студент жалпы еуропалық құзыреттің В2 деңгейіне жетеді..</p> <p>Мазмұны. А1, А2, В1, В2 деңгейлері халықаралық стандарттағы қарым-қатынас аясынан, тақырыптардан, тақырыпшалардан және типтік жағдаяттарынан тұратын когнитивтік-лингвомәдени кешендер: әлеуметтік тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени, кәсіптік білім беруде үлгіленген формалар бойынша ауызша және жазбаша қарым-қатынас, жазбаша сөйлеу жұмыстары, тыңдалым</p> | 10 | | v | | | | | | | | | | | | v |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|--|-----|----|----------------|--|---|---|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|---|
| | | | | түрінде ұсынылған.Білім беру бағдарламасы бойынша мәтіндердегі тілдік материалды түсінгенін көрсету, терминологияны білу және сын тұрғысынан ойлауды дамыту. | | | | | | | | | | | | | | | |
| | ЖБП | МК | Дене шынықтыру | <p>Мақсаты: Кәсіби қызметке дайындалу үшін денсаулықты сақтауды, нығайтуды қамтамасыз ететін дене шынықтыру құралдары мен әдістерін мақсатты түрде пайдалану қабілеттілігі мен әлеуметтік-жеке құзыреттіліктерін қалыптастыру; болашақ еңбек қызметінде физикалық жүктемелердің, жүйке-психикалық стресстердің және қолайсыз факторлардың тұрақты төзімділігіне.</p> <p>Мазмұны: Дене шынықтыру-сауықтыру және жаттығу бағдарламаларын іске асыру. Жалпы дамыту және арнайы жаттығулар кешені. Спорт түрлері (гимнастика, спорттық және ашық ойындар, жеңіл атлетика және т.б.). Сабақ процесінде бақылау және өзін-</p> | 8 | v | | | | | | | | | | | | | v |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|--|----|----|--------------------------|--|---|---|---|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|
| | | | | өзі бақылау, сақтандыру және өзін-өзі сақтандыру. Жарыстардың төрешілері, кәсіптік-қолданбалы дене шынықтыру даярлығының құралдары. Қазіргі заманғы сауықтыру жүйелері: А.Стрельникова, К.Бутейко, К.Динейки бойынша тыныс алу жүйесі, Бубновский бойынша бірлескен гимнастика. | | | | | | | | | | | | | | |
| | БП | ЖК | Кәсіби қазақ (орыс) тілі | <p>Мақсаты: Кәсіби маңызды жағдайларда қарым-қатынасты барабар құра алатын және арнайы мақсаттар үшін тіл нормаларын меңгерген маманның кәсіби бағдарланған тілдік даярлығын қамтамасыз ету.</p> <p>Мазмұны: Кәсіби тіл және оның компоненттері. Кәсіби терминология ғылыми стильдің негізгі белгісі ретінде. Оқу-кәсіптік және ғылыми-кәсіптік салалардағы ғылыми лексика және ғылыми конструкциялар. Мамандық бойынша ғылыми мәтіндерді талдау және өндіру бойынша</p> | 3 | v | v | | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|--|-----|----|-------------------------------|--|---|---|--|--|---|--|--|--|--|--|--|--|---|---|
| | | | | жұмыс алгоритмі. Ғылыми-кәсіби мәтіндерді шығару. Болашақ кәсіби қызмет шеңберіндегі іскерлік коммуникация және құжаттама негіздері. | | | | | | | | | | | | | | |
| | БП | ЖК | Кәсіби бағытталған шетел тілі | <p>Мақсаты: Болашақ маманға кәсіби тілде сөйлеу дағдыларын, кәсіби тілдік қарым-қатынас этикасын үйрету.</p> <p>Мазмұны: Техникалық аударма теориясына кіріспе. Техникалық әдебиеттерде сандарды қолдану: сандар санаты. Техникалық мәтіндерді аударудағы етістіктің мағынасы мен рөлі: Етістіктің негізгі формалары; дұрыс және бұрыс етістіктер. Терминдерді аудару ерекшеліктері. Техникалық мәтіндерді аударудағы етістіктің мағынасы мен рөлі: ырықты және ырықсыз етіс. Ғылыми-техникалық аударма және оның түрлері. Ағылшын тіліндегі герунд және инфинитив</p> | 3 | v | | | | | | | | | | | v | v |
| | ЖБП | МК | Ақпараттық - коммуникация | <p>Мақсаты: Ақпараттық технологиялар арқылы ақпараттарды жіберу және</p> | 5 | v | | | v | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|-------------|----|----|---|--|---|--|---|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|
| | | | | <p>ациялық технологиялар (ағыл.тілінде</p> <p>жинау тәсілдерін, ақпараттарды өңдеу және сақтау, іздеу әдістері, процестерді талдау және сыни бағалау мүмкіндіктерін қалыптастыру. Сандық жаһандану дәуірінде заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың рөлі мен маңыздылығын сыни түрде түсіну қабілетін дамыту, жаңа "сандық" ойлау.</p> <p>Мазмұны: Компьютерлік жүйелерге кіріспе және архитектурасы. Бағдарламалық қамтамасыз ету. Операциялық жүйелер. Адамның компьютермен әрекеттесуі. Деректер базасының жүйесі. Деректер базасын басқару. Желілер және телекоммуникациялар. Киберқорғаныс. Интернет технологиялары. Бұлтты және мобильді технологиялар. Мультимедиялық технологиялар. Смарт технологиялар. Электронды технологиялар. Электронды бизнес. Электронды үкімет.</p> | | | | | | | | | | | | | | |
| 5 | Инженерлік- | БП | ЖК | Жоғары математи | <p>Мақсаты: Қажетті өлшемдерді және соған</p> | 5 | | v | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|-------------------------------|----|----|--------|---|---|---|--|--|--|---|--|--|--|--|--|--|--|--|
| техникалық ғылымдар негіздері | | | ка | байланысты есептеулерді орындау, кәсіби есептерді шешу үшін теоремаларды, формулаларды және математикалық әдістерді қолдану. Мазмұны: Матрицалар. Анықтауыштар. Кері матрица. Сызықтық тендеулер жүйесін шешу әдістері. Векторлар. Жазықтықтағы түзудің және кеңістіктегі түзудің және жазықтықтың әртүрлі тендеулері. Екінші ретті қисықтар мен беттер. Функция. Функция шегі. Тамаша шектер. Бір айнымалы функцияның дифференциалдық және интегралдық есептеулері. Жоғары ретті туындылар мен дифференциалдар. Функцияны зерттеу және график құру. Анықталмаған және анықталған интегралдар. Бірнеше айнымалылардың функциялары. Бірінші және екінші ретті дифференциалдық тендеулер. Қатарлар. | | | | | | | | | | | | | | |
| | БП | ЖК | Физика | Мақсаты: Физикалық заңдылықтар туралы білім мен | 6 | v | | | | v | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|--|----|----|--|--|---|--|--|--|--|--|---|---|--|--|--|--|--|--|
| | | | | <p>оларды техника мен өндіріс технологиясында қолдану дағдыларын қалыптастыру, пәнаралық көзқарас негізінде ғылыми ой-өрісін дамыту.</p> <p>Мазмұны: Классикалық және қазіргі физика заңдары (механика, молекулалық физика, термодинамика, электромагнетизм, оптика, кванттық және атомдық физика). Қолданбалы және техникалық есептерді шешу үшін физикалық құбылыстар мен процестер туралы білімдерді қолдану. Ғылыми зерттеу әдістері, теориялық және эксперименттік зерттеулердің нәтижелерін өңдеу және талдау әдістері.</p> | | | | | | | | | | | | | | |
| | БП | ЖК | Құрастыру негіздері және машина бөлшектері | <p>Мақсаты: Машиналар бөлшектері мен тораптарын есептеу және талдау, саланың машиналары мен жабдықтарын жобалау бойынша білім, біліктілік және зерттеу дағдыларының кешенін қалыптастыру.</p> <p>Мазмұны: Машиналар бөлшектері мен тораптарының классификациясы және оларға қойылатын негізгі талаптар.</p> | 5 | | | | | | v | v | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|--|----|----|---------------------------------|--|---|--|---|--|--|--|--|---|--|--|--|--|--|
| | | | | <p>Жобалау принциптері мен әдістері, зерттеу кезеңдері. Жобалау және тексеру есептері. Көпвариантты және көпкритерийлік жобалау. Автоматтандырылған жобалау. Машиналарды жобалау кезеңдері және жобалау құжаттарын әзірлеу. Механикалық берілістер. Редукторлар. Біліктер мен өстер. Сырғанау және домалау мойынтіректері. Муфталар. Серпімді элементтер. Корпустық бөлшектер. Қосылыстар. Ажырамалы және ажыратылмайтын қосылыстар.</p> | | | | | | | | | | | | | |
| | БП | ЖК | Инженерлік компьютерлік графика | <p>Мақсаты: AutoCAD пайдаланып, инженерлік-конструкторлық құжаттарды дайындауға қажетті білім, біліктілік, дағдылық қалыптастыру.</p> <p>Мазмұны: Проекциялау. Нүкте мен түзу. Жазықтық. Аксонометриялық проекциялар. Геометриялық беттер мен денелер. Сызбаларды графикалық безендіру жайлы негізгі мәліметтер. Көріністер,</p> | 4 | | v | | | | | v | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|--|----|----|---|--|---|--|--|--|--|--|---|---|--|--|--|--|--|--|
| | | | | тіліктер мен кималар. Бөлшектерді біріктіру әдістері. Бұрандалық бұйымдар. Бөлшектердің эскиздерін дайындау. Құрастыру мен жалпы күйдегі сызбаларды орындау, оқу және бөлшектеу. Алғашқы тағайындаулар. Жұмысты аяқтау және кескіндерді сақтау. Жазық фигураның сызбасын тұрғызу. Бөлшектер сызбаларын сызу. Кескіндерді өңдеу. Нысанның үшөлшемді моделін тұрғызу. | | | | | | | | | | | | | | |
| | БП | ТК | Конструкциялық материалдар технологиясы | <p>Мақсаты: Қара және түсті металдар өндірісі туралы, металдар мен металл емес материалдардан жасалған дайындамалар мен машина бөлшектерін қалыптастыру әдістері туралы білімді қалыптастыру.</p> <p>Мазмұны: Металлургия өндірісінің негіздері. Шойын және болат өндірісі. Түсті металдар мен қорытпалар өндірісі. Ұнтақты металлургия. Құю өндірісі технологиясы. Металдарды қысыммен өңдеу технологиясы. Ыстық және</p> | 4 | | | | | | v | v | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|--|----|----|---------------|--|--|--|--|--|--|---|---|--|--|--|--|--|--|--|
| | | | | суық штамптау. Соғу, илемдеу, сымдау. Пісіру технологиясы. Пісірілген қосылыстарды алудың физикалық негіздері. Металдарды кесумен өндеудің физикалық негіздері. Кесумен өндеу әдістері. Электрофизикалық және электрохимиялық өндеу әдістері. Металл емес материалдардан дайындамалар мен машина бөлшектерін өндіру технологиясы. | | | | | | | | | | | | | | |
| | БП | ТК | Материал тану | <p>Мақсаты: Материалдардың атомдық-кристалдық құрылымы және оның металдар мен қорытпалардың қасиеттеріне әсер ету заңдылықтары, кристалдану, пластикалық деформация, термиялық өндеу кезінде металдар мен қорытпалардың құрылымын қалыптастыру туралы білімді қалыптастыру.</p> <p>Мазмұны: Металдардың құрылымы мен қасиеттері. Металдардың кристалдануы. Материалдардың деформациясы және бұзылуы. Қорытпа теориясының</p> | | | | | | v | v | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|--|--|----|----|---|--|---|--|--|--|--|--|---|---|--|--|--|--|--|--|
| | | | | | негіздері. Қорытпалардың күй диаграммалары. Болат және шойын. Материалдарды термиялық өңдеу теориясы мен технологиясы. Болатты химиялық және термиялық өңдеу. Құрылымдық және аспаптық болаттар. Арнайы мақсаттағы болаттар мен қорытпалар. Түсті металдар мен қорытпалар. Негізгі металл емес материалдар мен композиттер. | | | | | | | | | | | | | | |
| | | БП | ТК | Теориялық механика және материалдар кедергісі | <p>Мақсаты: Теориялық механиканың және материалдар кедергісінің жалпы заңдары мен әдістерін; кәсіби мәселелерді шешуде пәннің теориялық ережелерін қолдану дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Мазмұны: статиканың негізгі ережелері, күштер векторы туралы түсінік, өске күштердің проекциясы, күштер жұбының моменті. Қатты денелердің қозғалыс заңдары-дене қозғалысының траекториясы, жылдамдығы, үдеуі. Нүкте қозғалысының дифференциалдық теңдеуі, динамиканың негізгі есептері.</p> | 5 | | | | | | v | v | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|--|----|----|------------------------|---|--|--|--|--|--|---|---|--|--|--|--|--|--|--|
| | | | | <p>Материалдардың кедергісінің негізгі гипотезалары мен болжамдары - өстік созылу және сығылу, көлденең иілу, ығысу, бұралу, деформацияның күрделі түрлері, кернеулі деформацияланған күй, шаршаудың қирауы және жүйелердің тұрақтылығы.</p> | | | | | | | | | | | | | | |
| | БП | ТК | Аналитик алық механика | <p>Мақсаты: Машиналарда, аспаптарда, конструкцияларда және олардың элементтерінде аналитикалық механика әдістерімен орын алатын механикалық құбылыстардың заңдылықтарын және олармен байланысты процестерді зерттеу саласында білімді қалыптастыру.</p> <p>Мазмұны: Аналитикалық механиканың негізгі түсініктері. Механикалық жүйенің байланыстары, олардың тендеулері. Жалпыланған жылдамдықтар, үдеулер. Мүмкін, виртуалды қозғалыстар. Аналитикалық статика. Лагранж принципі. Жалпыланған координаттардағы тепе-теңдік шарттары. Аналитикалық</p> | | | | | | v | v | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|--|----|----|------------------------------------|---|---|--|--|--|--|--|---|---|--|--|--|--|--|--|--|
| | | | | динамика. Материалдық нүкте үшін Даламбер принципі. Соққы теориясы. Механикалық жүйенің тепе-теңдік тұрақтылығы. Механикалық жүйенің шағын еркін тербелістері. Машиналарды, аппараттарды, объектілерді және олардың көтергіш элементтерін математикалық модельдеуді қолдану. | | | | | | | | | | | | | | | |
| | БП | ТК | Машиналар мен механизмдер теориясы | <p>Мақсаты: Машиналар мен аспаптарды зерттеу мен жобалаудың жалпы әдістері, олардың кинематикалық және динамикалық қасиеттеріне байланысты машинадағы механизмдердің өзара әрекеттесуінің жалпы принциптері, механизмдердің құрылымдық, кинематикалық және динамикалық талдауы мен синтезінің негіздері туралы білімді қалыптастыру.</p> <p>Мазмұны: Құрылымдық сұлбаның негізгі элементтері. Кинематикалық жұптар мен тізбектер, олардың жіктелуі. Механизмдердің негізгі түрлері. Иіктіректі механизмдердің құралуы</p> | 4 | | | | | | v | v | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|--|--|----|----|----------------------|---|--|--|--|--|--|---|---|--|--|--|--|--|--|
| | | | | | <p>принципі. Ассурдың құрылымдық топтары және олардың жіктелуі. Механизмдерді кинематикалық және күштік талдаудың негізгі міндеттері мен әдістері. Механизмдерді теңестіру. Механизмдерді динамикалық талдау. Механизмдер синтезі және оның әдістері. Манипуляторлар, өнеркәсіптік роботтар.</p> | | | | | | | | | | | | | |
| | | БП | ТК | Машиналар механикасы | <p>Мақсаты: Механикалық жүйелердің қасиеттері, машинада болып жатқан механикалық процестер, машиналардағы бағдарламалық басқару жүйелері, әзірленетін құрылымдардың қажетті сапасын қамтамасыз ететін оңтайлы шешімдер және зерттеу дағдылары туралы білімді қалыптастыру.</p> <p>Мазмұны: Кинематикалық жұптар, тізбектер және механизмдердің классификациясы. Иіктіректі механизмдер талдауы және синтезі. Механизмнің кинематикалық сұлбасы және</p> | | | | | | v | v | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|--|----|----|---|--|---|--|--|---|--|---|--|---|--|--|--|--|--|
| | | | | оның параметрлері. Құрастыру және қозғалыс беру сапасының критерийлері. Синтез есептері мен әдістерінің классификациясы. Тісті жұптар мен кинематикалық тізбектердің дәлдігі. Машина динамикасына кіріспе. Қатты және айнымалы буындары бар машиналар динамикасы. Өнеркәсіптік роботтардың құрылымы, кинематикасы және динамикасы. | | | | | | | | | | | | | |
| | БП | ЖК | Стандарттау, сертификация және метрология | <p>Мақсаты: Өзінің кәсіби қызметі барысында өнім, қызмет және жұмыс сапасы мен өлшем бірлікті қамтамасыз ету бойынша мәселелерді шеші үшін стандарттау, сертификаттау және метрология саласындағы теориялық білімі мен практикалық дағдысын қалыптастыру.</p> <p>Мазмұны: Стандарттау, сертификация және метрология нысандары. Стандарттау, техникалық реттеу, метрология және сәйкестікті растау жүйелерінің құқықтық, нормативтік-</p> | 4 | | | v | | v | | v | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|--|----|----|--|---|---|--|--|--|---|--|--|---|--|--|--|--|---|
| | | | | | техникалық базалары. Стандарттаудың жалпығылыми және арнайы әдістері. Сертификаттау және декларациялау схемалары. Өлшеудің түрлері мен әдістері. Өлшеудің анықталмағандығын және қателігін есептеу. Метрологияның техникалық негізі. Кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін жоғарлатудағы халықаралық сапа жүйесінің ролі. | | | | | | | | | | | | | |
| 6 | Машиналарға қызмет көрсету және пайдалану модулі | КП | ТК | Технологиялық машиналарды монтаждау және пайдалану | <p>Мақсаты: Пәнді оқу болашақ маманды технологиялық машиналар мен жабдықтарды пайдалану және құрастыру кезінде негізделген инженерлік шешімдер қабылдау.</p> <p>Мазмұны: Монтаждық және такелаждық жұмыстарды ұйымдастыру. Технологиялық жабдықтарды пайдалану және монтаждаудың озық әдістері. Технологиялық машиналармен жабдықтарды конструкциялау, дайындау және пайдаланудың негізгі ғылыми-техникалық проблемалары.</p> | 5 | | | | v | | | v | | | | | v |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|--|----|----|---|---|--|--|--|--|---|--|--|---|--|--|--|--|--|---|
| | | | | Технологиялық машиналар мен жабдықтарды пайдаланудың негізгі қағидаттары мен ережелері. Монтаждау және пайдалану процесіндегі технологиялық машиналарға, комплекстерге, агрегаттарға берілетін талаптар. Бақылау және диагностикалаудың техникалық құралдары. Технологиялық машиналарды майлау, жағар майлар. Жабдықтарды монтаждауға іргетастарды тексеру. Тепе теңгеру. Айналымалы бөліктерді тепе-теңгеру әдістері. Тепе-теңсіздік түрлері. Біліктерді центрлеу. | | | | | | | | | | | | | | |
| | КП | ТК | Монтаждау жұмыстарының жүйелілігі және технологиялық машиналарды пайдалануға дайындау | <p>Мақсаты: Саланың машиналары мен аппараттарын өңдеу технологиясын таңдау, есептеу және әзірлеу бойынша теориялық негіздерді қабылдау және практикалық дағдыларды алу.</p> <p>Мазмұны: Технологиялық машиналар мен аппараттарды монтаждау және пайдалану әдістері. Технологиялық</p> | | | | | v | | | v | | | | | | v |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|--|----|----------------|---|---|--|--|--|--|---|--|---|--|--|--|--|--|--|--|
